

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
СЖКҚ	Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясаты	Редакция: 1	
		Страница 1 из 2	

Бекітілді

Директорлар кеңесінің

«19» желтоқсан 2024 ж. шешімі

№ 3 хаттамасы

**«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ-НЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ
ІС-ҚИМЫЛ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ**

Қолдану мерзімі «__»_____ 20__ ж. бастап «__»_____ 20__ ж. дейін	Ұзарту мерзімі «__»_____ 20__ ж. дейін	Мәртебе: Әрекеттегі ☐ Ескірген ☐
Алдыңғы ескірген құжат: № _____ ректордың бұйрығы «__»_____ 20__ ж.	Құжатты басқаратын тұлғаның қолы	Код № Экземпляр № Көшірме №

Алматы – 2024

**С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ -нің жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл саласындағы саясаты**

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	СЖКҚ	Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясаты	Редакция: 1
			Страница 2 из 2

Медициналық білім беру жүйесін үздіксіз жетілдіру және еліміздің медициналық кадрларын даярлау сапасын арттыру, "Салауатты халық және заманауи денсаулық сақтау жүйесі" тұжырымдамалық моделін қалыптастыруға жәрдемдесу үшін іргелі кәсіби базаны құру мақсатында "С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті" КеАҚ (*бұдан әрі – Университет*) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы осы Саясатты іске асыру жөнінде төмендегідей қағидаттар бойынша өзіне міндеттемелер алады:

Университеттің барлық қызметкерлері өз жұмыстарын адалдыққа, ашықтыққа, көлбеусіздік пен келісімге негізделген корпоративтік мәдениетті сақтай отырып, ISO 37001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес орындауға міндетті.

Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің іс-әрекеті саласында парақорлыққа, кез келген нысандағы негізсіз артықшылыққа, заңсыз сыйақылар мен сыйлықтарға, университеттің ішкі нормалары мен заңнамалық актілерді бұзуға тыйым салынады.

Университет басшылығы сыбайлас жемқорлықтың болжалды немесе нақты жағдайлары туралы ақпарат беру рәсімдерін қолдануды, ақпараттың құпиялылығына кепілдік бере отырып, қудалаудан қорықпай-ақ қолдануға шақырады.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат субъектілерінің іс-қимылын үйлестіруді және бақылауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі жүзеге асырады.

Жоғарыда аталған қағидаттарға қол жеткізу үшін университет басшылығы ISO 37001 халықаралық стандартының талаптары бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесін тұрақты жетілдіруге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау және қажетті ресурстарды бөлу жауапкершілігін өз мойнына алады.